

Жатаған у кекіре. (*Acroptilon repens* DC) арамшөпі қауіпті карантинді объект. Горчак ползучий



Карантинді объект – өсімдіктерге және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында жоқ немесе шектеулі таралған, Еуразиялық экономикалық одақтың карантинді объектілердің бірыңғай тізбесіне және (немесе) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген өсімдіктер зиянкесі, ауруын қоздырғыш немесе арамшөп. Шалқар ауданы аумағында карантиндік арамшөптердің екі түрі таралған: арам сояулар және жатаған укекіре. Қазақстанның барлық аймағына тараған, соңғы жылдары таралу қарқындылығы аса қауіпті арам шөп Жатаған (қызғылт) у кекіре. Далалық жерде, егістікте, сортаң жерлерде, суармалы жерлердің арықтарының бойында, автокөлік жолдарының торабында таралған. Биологиялық ерекшеліктері, зияндылығы және фитосанитарлық қауіпті. Жатаған укекіре – атпа тамырлы, көпжылдық өсімдік, гемикриптофит. Укекіре маусым-шілде айларында гүлдейді. Көбеюі тұқымымен немесе тамыр атпаларымен вегетативтік жолдарымен жүреді. Негізгі көбею тәсілі – вегетативтік. Укекіренің тамырлары жазғы қуаңшылық кезінде топырақ құрғап кеткенде және жазғы жоғарғы температурада да тіршілікке қабілеттілігін жоймайды. Қуаңшылыққа төзімді, жарық сүйгіш укекіре көлеңкеде тұқым түзбейді. Сонымен қатар бұндай жағдайда өсімдіктің тамыр жүйесінің өсуі баяулайды, алайда олардың бойындағы пластикалық заттар қоры сақталып, көбею бүршіктері тіпті бірнеше жылдан кейін де (3 жылдан астам) жаңа өркен түзіп, арам шөп таралуын жалғастырады. Укекіренің зияндылығы аса жоғары: ол егістікті ластайды, барлық дақылдардың, жайылымның өнімділігін кемітеді, мал азығының сапасы төмендейді, ал жануар укекіре жесе сүттің дәмі қышқылданады. Жатаған укекіре өсімдігінің көптеген жануарларға, әсіресе жылқы мен түйеге улы әсері бар. Қой мен ешкі жақсы жейді. Укекіре өсімдігімен жануарлардың улануы көбіне оның шанақтану кезеңінде байқалады. Арам шөп зияндылық тарабының бірі – тамыр жүйесі тарамдалып, жайылып өсетіндіктен топырақ өңдеуді күрделендіріп, агротехникалық шаралар шығынын арттырады. Морфологиясы және идентификациялау. Жатаған укекіре өсімдігінің биіктігі 20-70 см. Сабағы тік, түкті, етегінен ұшына дейін жанама сабақтар түзіп, тарамдалған. Өсімдігінің тамыры 10 м-ге дейін тереңдікке бойлайды. Жатаған укекіре негізгі тамырымен қатар көптеген қосалқы бүршіктері бар тамыр сабақ түзеді. Жапырақтары

түкті, сабақ бойында кезекпен орналасқан, сағақсыз, отырыңқы, тілімденген, немесе жиектері тісті, жоғарғы жапырақтарының жиектері тегіс. Тасымалдану және таралу жолдары. Ауыл шаруашылық дақылдарының тұқымдық материалдарымен, адамдардың шаруашылық әрекетінің нәтижесінде таралады. Карантиндік және қорғау шаралары. Жатаған уекіремен күресудің негізгі тәсілдері – агротехникалық және химиялық. Қолданылатын агротехникалық шаралар әр түрлі жағдайларда әртүрлі болуы мүмкін. Жатаған уекіреден арылу үшін агротехникалық шаралармен қатар міндетті түрде гербицидтерді де тиімді қолдану қажет. Жатаған уекіреге қарсы гербицидтерді қолдану тәсіліне топырақты тайыз өңдеу немесе мүлдем топырақ өңдеуден бас тарту кезінде ерекше көңіл бөлінеді. Уекірені жою үшін қолданылатын гербицидтер негізінен глифосат негізінде дайындалатындар. Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне қосылған пестицидтер ғана қолданылуы тиіс. жатаған уекіре қарсы қолданылатын гербицидтер: Ураган, Ураган-Форте, Буран, Раундап және т.б. Жатаған уекіре таралу ең негізгісі себептері – карантин ережесінің сақталмауы. Жатаған уекіремен күресу жүйесі агротехника мен гербицидтерді арамшөптің биологиялық ерекшеліктерімен байланысты климат аймақтарында дұрыс біріктіре қолдану қажет. Агротехникалық әдістердің мақсаты тамырды ұсақ бөлшектерге бөліп, тамырдағы қоректік органикалық зат – инулиннің көбеюін азайту арқылы тамырдан қайтадан өсуіне жол бермеу. Жатаған уекіре күресудің негізі топырақ өңдеу жүйесі болып табылады. Жатаған уекіре жарықты қалайды, көлеңкеде өскенде тұқым бермейді, өсу нашарлайды, бірақ тамырдағы қоректік заттар, таралу бүршіктері арқылы, жарық болған жағдайда тіпті бірнеше жылдан кейін де жаңадан өскіндер өсіп шығып, таралып көбейе береді. Сонымен қатар кекіренің зияндылығы олардың дақылға аллелопатиялық әсері, тамыр жүйесі мен кекіренің тұқымы бөліп шығарған зиянды заттары мәдени дақылдардың тұқымдарының өсу энергиясын төмендетіп, дақылдың өсіп жетілуін бәсеңдетеді.

Жатаған уекіре көптеген жануарларға зиянды, әсіресе жылқы малына, ал қой мен ешкіге зиянсыз, көпшілік жағдайда шөппен араласқан кекіре малдардың улануына әсер етеді, Жинақталған ғылыми өндірістік тәжірибе жатаған уекірені жою шараларын парға арналған алқаптарда жүргізу үлкен нәтиже беретінін дәлелдеді. Тереңдете культивациялау экономикалық көзқарас бойынша тиімсіз және топырақты көп рет өңдеу оны кептіреді, ылғалды азайтады, сондықтан құрғақшылығы көп аудандарда болғандықтан тиімсіз болып табылады. Қазіргі кезде кекірені жою және оны карантиннен шығару үшін мына шараларды іске асыру керек. Олар: карантин ережесін сақтау; жатаған уекіремен күресу үшін аймақтық интеграциялық жүйе жасау және ұсыныстар беру;

Шалқар ауданының аумағында карантиндік арамшөптерді анықтау тұрғысынан ауыл шаруашылығы алқаптары мен мемлекеттік қор жерлеріне жүйелі фитосанитариялық мониторинг жүзеге асырылуда. ҚР АШМ АӨК "Шалқар аудандық аумақтық инспекциясы" ММ мемлекеттік инспекторлары мен ҚР АШМ АӨК "Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" РММ Шалқар аудандық филиалының мамандары мен зерттеушілері ауыл шаруашылығы алқаптарының, мемлекеттік қордағы жерлердің, ауыл шаруашылығы

мақсатындағы емес жерлердің карантиндік фитосанитариялық жай-күйін анықтау үшін бірнеше жыл бойы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мониторингтік тексерулермен қамтылды. Карантиндік арамшөптің осы түрінің таралу қарқынын төмендету үшін арамшөптермен күресте алдын алу және жою шараларын қоса алғанда, кешенді тәсілді қолдануы қажет, ең бастысы - материалдық ресурстар болған кезде егіншілік мәдениетін қалпына келтіру. Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізер алдында және маусым бойы, аяқталғанға дейін жерлерді жүйелі түрде зерттеу ауданның ауыл шаруашылығы алқаптарының фитосанитарлық жай-күйін жақсартуға бағытталған. Карантиндік арамшөптердің тұқымдарының таралуын болдырмау үшін барлық жер пайдаланушылар карантиндік ережелерді қатаң сақтауы керек: ошақтарды жырту, жапсырма ілгіштерді орнату. Карантиндік арамшөптермен күресу уақтылы, жүйелі және әдістемелік түрде ұйымдастырушылық-шаруашылық, агротехникалық, биологиялық және химиялық бақылау шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек. Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі және жер учаскелерінде карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі ішараларды жүргізу, карантиндік нысандардың таралуынан қорғау, ауданымыздың әлеуметтік және экономикалық өсуіне қосқан үлесіміз. Алқаптардан карантиндік өсімдіктер анықталған жағдайда дереу тиісті орындарға хабарланып, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі қажет .

**ҚР АШМ АӨК МИК Шалқар аудандық аумақтық инспекция басшысы м.а.
М.Қ.Айжарықов**

ҚР АШМ АӨК МИК "РФД және БӨО"РММ

Шалқар аудандық филиалының бас гербологі Г.С.Тажиева

т./ф.: 8-713-35-23-8-50